

Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігінің "ФУМЭКС" республикалық мемлекеттік кәсіпорынын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 26 мамыр N 649

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік кәсіпорын туралы" 1995 жылғы 19 маусымдағы N 2335 заң күші бар Жарлығының 2-бабына және Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер карантині туралы" 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы "ФУМЭКС" өсімдіктерді қорғау және олардың карантині саласында іс-шаралар жүргізу жөніндегі республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын. <*>

Ескерту. 1-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002.12.19. N 1325 қаулысымен.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі кәсіпорынға қатысты мемлекеттік басқару органы болып белгіленсін.

Ескерту. 2-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.24. N 1451, 2002.12.19. N 1325 қаулыларымен.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі заңдарда белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

- 1) Кәсіпорынның жарғысын әзірлесін және бекітсін;
- 2) оны мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;
- 3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шаралар қабылдасын.

Ескерту.. 3-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999.09.24. N 1451 қаулысымен.

4. Заңдарға сәйкес Кәсіпорынның негізгі міндеттері:

- 1) **алынып тасталды - 2006.01.09. N 28 қаулысымен.**

2) карантиндік объектілердің таралу ошақтарын анықтау, оқшаулау, жою жөніндегі іс-шаралар жүргізу және карантинге жатқызылған өнімді залалсыздандыру оның ішінде ф у м и г а ц и я л а у ;

2 - 1) **алынып тасталды**

2-2) өсімдіктерді қорғау препараттарын дайындау және сату.

2-3) тіркеуге ұсынылған пестицидтерді (улы химикаттарды) өндірістік жағдайда сапасын анықтау үшін өндірістік сынақтан өткізу;

2-4) ауыл шаруашылығы өнімінде пестицидтердің (улы химикаттардың), нитраттардың, нитриттердің және ауыр металдар тұздарының қалдық сандары болуын т е к с е р у .

Ескерту. 4-тармаққа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000.01.13. N 72 , 2002.12.19. N 1325 , 2006.01.09. N 28 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

5. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне жүктелсін.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК